



8 халықаралық әйелдер күні құтты болсын!
Наурыз



№18 (1011)
8 наурыз,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары, қадірлі әйел-аналар!

Ардақты аналарымыздың, ару қыздарымыздың мерекесінен бастау алатын көктемнің келуі – бүкіл адамзат баласы үшін үлкен мереке.

Сіздерді тыныс-тіршілігімізге нәр беріп, жер-дүниені шуағына бөлеген көктемнің шұғылалы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің шуақты мерекесі қашанда жүрегімізді сүйсіпеншілік пен ізгілікке, мейірім мен шапағатқа бөлейді. Біз жыл сайын осы мерекеде аналарымызға, апаларымыз бен қарындастарымызға ықылас-іттипаттымызды білдіріп, ақ тілек арнауға асығамыз.

Әйел-ана – біздің өміріміздің мәні. Дүниеге рух беретін әйел жанының сұлулығы, мейірімділігі мен кеңдігі – ғажайып құдірет. Әрбір әулеттің алтын қазығы аналардың аялы алақаны, жан шуағы отбасын ғана емес, бүкіл ғаламды ортақ адамзаттық биік мақсаттарға ұмтылдырып, бейбіт те берекелі ғұмыр кешуге үндеп келеді.

Сіздердің әрқайсыңыздың белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз қоғамдағы көптеген өзекті мәселені ұтымды шешуге және өңірімізді жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

Аудандағы өздеріне жүктелген жауапкершілік жүгін көтере білген әйелдердің еңбегі ерекше құрметке лайық. Ауданда түрлі салада еңбек етіп жатқан қыздарымыз – біздің мақтанышымыз.

«Отан отбасынан басталады» десек, осы тұрғыдан келгенде елдің бірлігі мен болашағы әйел-аналарға тікелей байланысты. Себебі мықты мемлекеттің негізі – берік отбасы.

Ел экономикасы мен мәдениетінің, еліміздің рухани әлеуетінің артуы жолында еткен қажырлы еңбегі үшін ақсаулықты аналарымызға, апаларымыз бен қарындастарымызға шынайы ризашылығымызды білдіремін. Сіздерді көктемнің тамаша мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Әлемде баянды бейбітшілік орнасын. Аналарымыздың әрдайым денсаулығы мықты, жүздері жарқын болсын!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Еңбек адамы



Сарманбай қарттың немересі Тоғжанды қарапайым шаруа ширатқан, әкесі дүние салған балауса қыз кейін нағашыларының қолында өседі. Сайын ақсақал да ауылға аты әйгілі мың қойы бар ауқатты кісі еді. Сол шаруашылықта Тоғжан 7-сыныптан бастап трактор айдап, малдың жем-шөбін қамдаған. Көне техниканың бұзылғандағы машақаты өз алдына бөлек әңгіме. Бірақ соны майталман механизатор емес, жай ғана мектеп оқушысы жүргізе білді.

Салтанатты шара

Әйел – ана, әйел – жарың, шырағың

Ана – өмір, ана – гүл, ана – тіршілік бастауы. Ана бір қолымен әлемді тербетсе, бір қолымен бесікті тербетеді. Шырылдаған кішкентай нәресте ана әлдиімен азамат болады. Ақын да, батыр да, дана да анадан туады. Гүлдей нәзіктігімен қатар болаттай берік әйел-аналарымыздың мерекесі Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде аталып өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов бастаған бірқатар сала басшылары мен аудан тұрғындары қатысты. Мерекелік кеште нәзікжандар ерекше құрметке бөленді. Әйел – отбасының жан шуағы, қоғамның қозғаушы күші. Әр ана, әр әйел – ұрпақтың тірегі, қоғам дамуының маңызды бөлігі. Қазіргі қоғамда әйел – тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, мемлекеттің өміріне және саяси мәселесіне белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз берілді. Әйелдер әр салада жетістікке жетіп, көшбасшы бола білді. Біздің ауданда да нәзікжандар түрлі салада қажырлы еңбек етіп, қоғамның дамуына өз үлесін қосуда.

Шара барысында аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен барша асыл ана, аяулы апа-әпкелерді мерекелерімен құттықтап, ақ тілегін жаудырып, ел экономикасы мен мәдениетінің, еліміздің, рухани әлеуетінің артуы жолында еткен қажырлы еңбектеріне тоқталды.

– Өңіріміздегі мемлекеттік қызметшілер, дәрігерлер, мұғалімдер, кәсіпкерлер және қарапайым жұмысшы жандар өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып келеді. Ауданда мемлекеттік қызметте 127 адам жұмыс істейді, соның 32-сі – әйел-ана. Сол сияқты аудандағы білім беру ұйымдарында 2490 мұғалімнің 1864-і әйел-ана болса, денсаулық сақтау саласында қызмет атқаратын дәрігерлердің 78,5 пайызы – нәзік-



жандар. Кәсіпкерлердің 45 пайызын нәзікжандар құрайды. Аға ұрпақтың игілікті жұмысын одан әрі жалғастырып, аудан экономикасы мен мәдениетін көтеруге атсалысып жүрген аналарымыз бен апа-қарындастарымыздың есімін әрдайым мақтан етеміз, – деді аудан әкімі. Айта кетейік, ауданда 1516 көпбалалы отбасы бар. Оның ішінде «Алтын алқа» иегері – 333, «Күміс алқа» иегері – 572, «Батыр ана» – 29 және «Ана даңқы» орденімен марапатталған 33 ана бар.

Иә, әйел – әрқашан ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі. Ал бұл мереке – барша әйелдер қауымына деген шынайы құрметтің белгісі. Шарада «Ана» деген қасиетті атқа ие болып, батыр ана атанған

алтынқұрсақты аналар марапат төрінен көрінді. Аудан әкімі бірқатар көпбалалы анаға күміс, алтын алқаларын тақса, әр салада елеулі еңбек етіп жүрген қыз-келіншектерге, ардагер аналарға облыс әкімінің, алғаш хаты мен аудан әкімінің құттықтауын табыстады. Мерекелік шара аудан энергетикалық концертінің бағдарламасына ұласып, әсем әндер шырықалды.

Дәл осы күні аудан әкімі мереке қарсаңында бірқатар мекемеге арнайы барып, нәзікжандарға құрмет көрсетті. Ең алдымен ол дзюдо үйірмесіне қазақша болашақ олимпиада чемпионының мерекесін құттықтады. Қазаттың батыр қыздарының ізін жалғаушы бүгінгі жас толқына сәттілік

тілеп, өлем төрінде көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды шырақататын әр перзентке халықтың тілекші екенін жеткізді. Сондай-ақ «Қазпошта» АҚ-ның газет таратушы қызметкерімен жолығып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын, атқарылған жұмыстар мен қоғамдағы өзгерістерді, республика деңгейіндегі жарқын бастамалар мен жаңа қадамдарды тұрғындарға уақытылы хабардар етуге еткен еңбегі көпке үлгі екенін айтып, лебізін жеткізді.

Мұнан кейін аудан әкімі «Арзан фарм» дәрхан сатушыларын құттықтап, аудан халқының денсаулығын жақсартуда сапалы қызметі үшін алғысын білдірді.

Сезім НҰР

Атакәсіптен нәсіп тапқан

«Қоскөл» – қазіргі Ұлытау облысына қарасты елді мекендердің бірі, тіпті жайлау десе де болады. Ауылдың негізгі тыныс-тіршілігі мал шаруашылығына тәуелді. Сайын ақсақал да осында өріске мал өргізіп, көппен бірге шаруаны ширата білді. Мұндағылар төрт түлігің базар асып саудаламайды, керісінше ол тұста саудагерлер осы ауылды төңіректейді екен.

Жалағаш ауданына қарасты Қаракеткен ауылында Жақап деген танымал саудагер болған. Қоскөлге табаны тисе, Жәкең де алдымен Сайын ақсақалдың шаңырағына аялдайды екен. Сатып алған малын жолға қамдаған ол 200 шақырым әрідегі Сырға қайтады. Тіпті бұл үрдісті кәсіпке айналдырған. Ал ауылдағы қойы қоралас көршісі Болат пен Светлана Қоскөлге Сырдан азық-түлік тасиды, оны малға айырбастап, кейін түлігін пұлға айналдырады. Тіршілік деген осы, қарап жатқанды біреу қамдамайды. Осындай бейнет-кештігімен бабаларымыз қиын кезеңдерді еңсерген ғой.

Бөкеңнің ол тұста ойын баласы бар, үйінің жалғыз ұлы. Сауда-саттықпен Сайын қарияның үйіне барғанда шаруаға жәрдем беріп жүрген Тоғжанға көзі түседі. Тіпті әзілдеп сөз арасында «сені жалғыз ұлыма алып беремін, маған пысық келін керек» дейді екен.

Мына қызықты қараңыз, бірде Жақаптар келген трактор

Қоскөлде бұзылып, жолда қалады. Ауылға жетемін дегенше Тоғжан тізгіндеген трактордың қосалқы бөлігін салып елге жетеді. Ол тұста мұндай заттар пұлына да таптырмайды. Жәкеңнің көлігі тұрап, кейін Қоскөлге ат ізін салмай кетті. Ал Тоғжанның тракторы ол тұр, көлігі жұрмегесін шаруа жайына қалды. Бір аттаса күн де суытады. Мал азығын ерте қамдамаса тағы қиын. Не керек, әлгі техниканың қосалқы бөлігін алып кетуге Сырға өзі келеді.

Қаракеткен деген бұрын көрген жері ме екен, тіпті ауыл былай тұрсын, Тоғжанға бұл сөздің өзі таңсық. Ауыл адамдарынан сұрастырып, Жақап саудагердің үйін де табады. Сол трактордың әлгі затын алып шыққанда Бөкеңнің бәйбішесі басына орамал салыпты. Ол тұста көргенді қызға үлкенәйі айтқаны заң, қазір де сол. Бүгінде Тоғжан осы шаңырақтың отын өшірмей отыр.

Қаршадайынан қара жұмыспен шираған Тоғжанға ауылдың қарапайым тіршілігі таңсық емес. Келін болып түскелі сиыр да сауды, өріске мал да өргізді, үй шаруасы тағы бар. Бөріне уақыт тапқан бесаспап келін кейін кәсіп ашуды көздейді. Мұндайда оң жамбасқа келетіні тағы да сол мал шаруашылығы, өйткені бала кезінен малдың бабын жасады.

Бесаспап келіннің кәсіпке деген алғашқы қадамын қаражат

тапшылығы бөгеді. Бірақ оның да амалы табылған. Екі жыл бұрын қайтарымсыз грант алуға өз жобасын тапсырады. Қаржысын көбейтіп, өнімін өз тұтынушыларына ұсынбақ. Сәтін салғанда әлгі жоба қаржылай қолдау тапты. 1 млн 380 мың теңге қолға тиісімен Тоғжан бірнеше бұзаулы сиыр алды. Оны қорда ұстап, сүтін пұл қылды. Алдын бордақылап сатты. Бірақ орнын толтырып отырды.

Қазір оның қорасында төрт түліктің басы көбейген, мал да

қараған адамға құтады. Жайлаудан қайтпай қалса, үйдегі тракторын кінәлі іздеп келеді. Бұрын тек сүт өнімдерін саудаға шығарса, кейін бордақылап сататын болды. Кейіпкеріміз алдындағы уақытта мал басын көбейтіп, үлкен шаруашылық құруға ниет қылып отыр. Үй шаруасын да, түздің жұмысын да қатар алып жүрген осындай қазақтың қарапайым келіні көпке үлгі болуда. Оған бірінші кезекте жолдасы Арман қолғабыс етеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Өнеге

«Батыр аналар» ансамблі

Еңбек ауылында 1988 жылы «Батыр аналар» ансамблі құрылған. Аталған топта ең алғаш отбасының ұйытқысы бола отырып, әр салада қажырлы еңбек етіп жүрген 19 батыр ана өнер көрсеткен. Қазіргі таңда сахнаға топтың екінші толқыны, яғни «жас батыр аналар» шығуда. Осы ретте кеше өткенге көз жүгіртіп, аты аңызға айналған топтың тарихы мен бүгінгі толқынымен танысу мақсатында Еңбек ауылындағы мәдениет үйіне бардық.



«Батыр аналар» ансамбліне 30 жыл жетекшілік еттім. Ауыл аудандарды аралап концерт беріп, билет бағасын арзандау қойып, халықтан жиналған қаражатты сол ауылдың өлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларына азық-түлікке деп табыстап кететінбіз. Қай ауылға барсақ та осы үрдісімдізді тастаған емеспіз. Одан бөлек арнайы облыстық шараларға шақырту түсетін. Әсіресе сәбилер үйі мен қарттар үйіне концерттік бағдарламамен жиі бардық. Құр қол бармайық деп, өзіміз үйден сүт, айранымызды пісіріп, кішкентай балаларға киімдер апарып беретінбіз. Одан бөлек өз қолымыздан шикқан көрпешенің саналуан түрін аудандық «Иманкүл», ауылдық «Мүсірлі баба» мешіттеріне сыйға тарттық, – дейді Рахия Жұбатханова.

Айта кетейік, батыр ана 10 рет құрсақ көтеріп, қызын қияға, ұлын ұяға қондырған. Ол – бұгінде 37 немере, 8 шөберенің ортасында отырған бақытты әже.

«Батыр аналар» ансамблі 2018 жылы Аққошқар ауылдық мәдениет

үйінде 30 жылдық мерейтойын облыстық деңгейде атап өткен. Осы мерейтой қарсаңында аналарымыз сахна төрін өзінен кейінгі ізбасарларына, яғни ансамблінің ізін жалғастыруды 18 жас батыр анаға аманат еткен.

Бүгінде батыр аналар салып кеткен сара жолды жалғап жүрген жас батыр аналар ансамбліне 14 ана өнер көрсетуде. Олардың қоржынында 10-нан аса өн бар. Сондай-ақ олардың қатысуымен ауылда тәрбиелік бағытта кездесулер, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Яғни аналар ән айтумен ғана шектелмей, мұнда ауыл жастарына жүн түтіп, жіп иіру, киім тоқу, құрақ көрпеше мен киіз үйге арналған киім мен әшекей жасауды үйретеді.

Жалпы Еңбек ауылының тұрғындары еңбекқор. Егін мен мал шал шаруашылығы мен қатар тіршілігін түзеп, кәсіпкерлікке бет бұрған. Ансамбль мүшесі Айнур Доспапбетова – құрақ құрау ісінің шебері. «Күміс алқа» иегері хоббиімен жеке кәсібін айналырған. Ол мемлекет тарапынан берілген қаржылай қолдауды тиімді

пайдаланып, 1 млн теңгеге өз кәсібін асқан. Алты баласының нәпақасын тауып отырған «Күміс алқа» иегері «Ұршық иіріп, жүн түтуді осындағы аналардан үйрендім. Сонымен қатар құрақ көрпеше мен перде, бесік жасауын тігемін» дейді.

Бұл ансамблде өнер көрсетіп жүрген аналардың үлкені – Райхан Қоқымбаева. 70 жастан асқан анамыз 6 баланы өмірге әкеліп, олардан 16 немере, 2 шөбере сүйіп отыр. Ол ауылдағы алтын ұяда бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етіп, зейнетке шыққан. Ал ең жасы – Гүлжайна Әбдібаева. Батыр ана 7 бала тәрбиелеп отыр. Олардан бөлек Күлшайша Сапарова, Ляззат Құрыбаева, Ажар Баймаханова, Айнур Құлмаханова сынды аналар бар.

Айта кетейік, бірлігі бекем, тірлігі тұзу, ынтымағы жарасқан Еңбек ауылында бүгінде 43 «Алтын алқа», 54 «Күміс алқа» иегері бар.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Өнер

«Жалынның» жаңа белесі

Би – әсемдік атауын бір бойына топтастырған бекзада өнер. Себебі биде музыка, сурет, актерлік, дизайнерлік өнер түрлері де бар. Бұл өнердің қыр-сырына қанық болып, ауыл балаларын өнерге баулып қана қоймай, олардың өнерпаз болып қалыптасуына ықпал етіп жүрген жас маманның бірі – Анар Мұратқызы. Кейіпкеріміз аудандық Қонысбек Қатаптаев атындағы мәдениет үйінде «Жалын» би тобына жетекшілік етіп келеді.

Аталған топтың жеткен жетістігімен танысу үшін кеше арнайылап мәдениет үйіне табан тіредік. Мұнда білікті маманның балғын бишілермен би залында дайындық жүргізіп жатқанына күе болдық. Жетекші Анар Әлиқар барованың айтуынша, оларды алда «Бозторғай» жарысы күтіп тұр. Қазіргі таңда соған тыңғылықты дайындық жүргізіп жатқан би тобы жарысқа 3 би апармақ.

Би өнерінің қыр-сырына қанық болған жас маман бұл салаға мектеп қабырғасынан бері қызыққан. Дәлірек айтсақ, 7-ші сыныптан бері мектептегі би үйірмесіне тұрақты қатысып, мектеп бітірген соң Қызылорда қаласындағы педагогикалық колледждегі би маман-

дығына оқуға түскен. Алғашқы еңбек жолын бастағанына көп болмаса да кейіпкеріміз үлкен жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген. Жетекшінің айтуынша, қазір топта 15 қыз бар. Жалпы топқа 10-11 жастан бастап қабылданады. Әзірге қоржындарында үш би бар. Яғни қазақ биі, орыс биі және заманауи би.

– Дайындықта би қю барысында оқушылар биде кімді, немесе нені бейнелеп тұрғанын өуелі өздері түсініп алуы қажет. Сол үшін би қоймас бұрын оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Мәселен, қазақ биіне дайындық барысында қыздың әдемілігін, нәзіктігін, сырғасын, білегіні сол би арқылы көрсету үшін оқушылармен биді толық зерттеп барып



қоямыз. Әр бидің өзіндік мағынасы, сюжеті мен аяқталуы болады. Қазақ биінде айна, толқын, ұялу сынды қимылдар бар. Жалпы қазақ биі жастардың бойына өз ұлтының рухани мәдениетін, салт-дәстүрін өдет-ғұрпын дарытады, – дейді Анар Мұратқызы.

Білікті маман жетекшілік ететін би ұжымы бүгінде бірнеше мәрте облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанған. Жетекші қандай байқау болса да барлығына ұлттық биді дайындайтынын атайды. Сөзіне сенсек, қазақтың ұлттық биі өте ауқымды, қимылдары ерекше. Мәселен, олар жақында ғана республикалық «Dance winter» XXIV өнер байқауында топ жарып, бас жүлде иеленген. Аталған жарыста балғын бишілер «Еркеназ» қазақ биін орындаған.

Дайындық барысында топтағы қыздардың барлығы талантты екенін аңғардық. Жетекші де бұл ойымызды жоққа шығармай, шәкірттерінің қабілетін одан әрі шыңдау түсетінін жеткізді.

– Ес білгелі биге деген қызығушылығым өте жоғары болды. Анамның айтуынша, өлең қосылса болды, бір орында қарап отырмай, билей жөнелді

екенмін. Содан бір күні анама өзімнің биге қатысқым келетінін айттым. Осылайша Анар апай жетекшілік ететін «Жалын» тобына келдім. Әр сабақты, дайындықты асыға күтемін. Әр жарысқа барған сайын жетекшіміз бен ата-анамыздың сенімін ақтауға тырысамыз, – дейді топ мүшесі Сәзім Темірхан.

Топ жетекшісі әңгіме барысында жарысқа барарда қолдайтын ата-аналарына алғысын білдірді. Айтуынша, топ бишілерінің киімін өзі ата-ана өздері тіктіреді. Жарысқа барарда балаларға жетекшілік етуге өзімен бірге 2-3 ата-ана шығып, оқушылардың барлығына бірдей қамқорлық танытып, шаштарын дұрыстап көмектеседі екен.

Талабы мен таланты ұштасқан өнерпаздарды үлкен сахнада қанатын қатайтып жүрген маманның мақсаты айқын. Ол алдағы уақытта осы топтың өлі биік белестерді бағындыратынына сенеді. Бала күнінен бұл салаға аяқ басқан Анардың ынты-жігері мен бүлдіршіндерді өнерге баулуға аянбай еңбек етіп жатқанын көріп, мамандығына адалдығын аңғардық.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



АЛҒЫС



Ұстаздар құрмет төрінде

«Патша қанша жерден ақымақ болса да баланың ұстазының алдын кеспейді» дейді ежелгі грек ғұламалары. Ал қазақта бұны «алты Алаштың игі жақсысы бас қосса, төрдегі орын ұстаздікі» деген Мағжаннан асырып айтпаспыз. Иә, әлемді сүйеге, мейірім мен махаббаттың үндесуіне ананың берер тұлбылықтың үндесуіне ананың берер тұлбысы ұшантеңіз.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі аясында аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов және білім саласының кәсіподақ кеңесінің төрағасы Гүлзат Құрманбаева білім саласының ардагер ұстаздары барша білім саласында қызмет етіп жүрген ұстаздарды, аналарды, аруларды көңілге қуаныш сыйлайтын мерекемен құттықтады.

– Ана – өмірдің өзегі, тіршіліктің құрғатамыры, ыстық ықыласпен жадағаттың, пектілікпен тазалықтың қайнары. Жер бетіндегі жақсылық атаулы аналардың үлкен жүрегімен әрленетінін, бір отбасын емес, бүкіл әлемді аялы алақандарымен тербете алатын, адамзат баласының рухы, жігері екенін бүгінгі ұстаз-аналар жүректеріндегі мейірім-шапағатын өз балаларымен бірге өзгенің балаларына төге білген, шәкірттерінің қоғамның мүшесі болуы үшін күні-түні еңбек етіп, бар уақытын аямаған аяулы жандар екенін ерекше атап өтіп, білім саласының дамуына қосқан үлестеріңіз үшін, баға жетпес адал еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін. Мына жарық дүниеге әкелген Аналардың алдында бәріміз бас иеміз! Ананы құрметтеу біздің перзенттік борышымыз санаймын, – деді Талғат Құрақбайұлы.

Білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы Гүлзат Ермаулетқызы «Қадірлі аналар, арулар! Сіздер өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының ұйытқысыздар. Өскелең ұрпақтың адами дамуы, ұлт болашағы тек аналардың ықыласы мен мейірімінде екені сөзсіз. Шырайлы көктеммен қатар келген мерейлі мерекеді сіздерге зор денсаулық, қажырлы еңбектеріңізге биік белес пен талағай табыс, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, таусылмас баянды бақыт, ұзақ өмір тілеймін» деп саладағы нәзік жандарды мерекемен құттықтап, ыстық ықыласын жеткізді.

Тағылымды шара аясында білім басшысы ардагер ұстаздарымыз Айымкүл Әуесбаева мен Бидаш Үтеулиеваны 80 жас мерейтойымен құттықтап, аудан өкімінің арнайы құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ ұстаздар облыс өкімінің «Құрмет» грамотасы, аудан өкімінің алғысы мен облыстық білім басқармасының, облыстық білім саласының кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамоталарымен марапатталды.

Салтанатты шара арнайы концерттік бағдарламамен жалғасып, аудандық өнер мектебінің өнерпаздары ұстаздарға деген құрметін өнмен жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мәжіліс

Ауыл дамыса, алға басамыз

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс отырысы өтті. Күн тәртібіне сәйкес аудандық қоғамдық даму бөлімі бойынша атқарылған жұмыстар, халықты жұмыспен қамтамасыз ету шаралары, Ақсу және Мырзабай Ахун ауылдық округтеріндегі атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы хабарламалар тыңдалып, тиісті тапсырмалар берілді.

Мәжілісте Ардақ Ибраимов ауданның өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелері бойынша нақты тапсырмалар жүктелді. Жалағаш кенті әкімі мен ауылдық округ әкімдері халықтың негізгі мәселелерін уақытылы және сапалы шешуге міндетті екенін атап өтті.

Аудан тұрғындарының ең негізгі мәселелерінің бірі тұрақты жұмысқа орналасу болып табылады. Сондықтан мемлекеттік бағдарламаларға қатысушы халық санын арттырып, қайтарымсыз гранттар мен жеңілдетілген несиелер арқылы кәсіпкерлік бастамаларды дамыту қажет екенін айтты. Бұл мақсатта зерделеу жұмыстарын жүргізіп, тек қатысудан бұрын жүйелі түрде жұмыс жасауға бағытталған жобаларды қолдауды тапсырды.

Сонымен қатар санитарлық тазалықты сақтау мақсатында аудан тұрғындарын тәртіпке шақыру, табиғатты ластан жатқан қалдық су тегінік көліктерге айыппұл салу мәселесін де назарға алу ескерілді. Мәжілісте берілген тапсырмалардың уақытында орындалуын қадағалау сала бойынша жауапты аудан өкімінің орынбасарларына жүктелді.

«ЖЖ» ақпарат

Алуак шашқан нұр көктем,

Жұт әкелсін әуі көктем!



Өлеңмен сырласу

Көңіл шіркін көк дөнен тыншымайды,
Мазасыздау мінезге кім шыдайды?
Зулап жатыр уақыт тоқтамастан,
Өткенінді шын қозғап кім сұрайды?

Бүгінгімен қымбаттау өткенім де,
Белгісіз гой өткенім көпке мүлде.
Бұлтан шыққан күндей боп жарқ етсем де,
Қолымды соза алмадым көктегіге.

Біреу білер, біреулер сынап қарар,
Жақыным да жоқ емес сыр ақтарар.
Сырымды айтсам біреулер күлер бәлім,
Ал біреулер үндемей жылап қалар.

Жақ ашпаймын досқа да, құрдасқа да
Отты өлеңдер жұбатар сырласқанда.
Өлең жазам жүрегім қуанғанда,
Өлең жазам көңілді кір басқанда.

Адамдармен сырласу қиын маған,
Жалтақ мінез, жазғыру бұйырмаған.
Туабіткен қалпым сол – турашылтым,
Оза шабар жерде де кейін қалам.

Кейін қалып жатсам да үндемеймін,
Өлсем де жалғандықты шын демеймін.
Жаратқан пейілімді тарылтпашы,
Таршылық көрсем- дағы күнде мейлі.

Нөсер

Нөсерлетті сағыныштың көктемі,
Сол көктемнің жылытпады от, лебі.
Бойжеткеннің қиялында қалыпты,
Жанарынан нөсер жауын төккені.

Жан бітірген құстардың да тіліне,
Табиғаттың таңғажайып үні ме?
Көктем-Ару көктем кесіп сая бол,
Күн көзінен оқшау қалған гүліне.

Далам да түр жиғандай боп барқушін,
Өндетеді гүл бағында ән құсын.
Желпіп өтер жанға жайлы жылы жел,
Сүрткендей боп жанарыңның тамшысын.

Нөсерлетпей жаңбыр жаюу төгілсе,
Көңілінде көктем барын сезінсе
Сағынғаны жыл құсымен келер деп,
Көктем-Ару түс көреді көз ілсе.

Біз екеуміз

Біз екеуміз ешкімді алмадық,
Тағдырдың қалауы осы болғаны анық.
Шынайылық дегенді білмейтіндер,
Тамашалап, таңданып қалғаны анық.

Армандарым әдірем қалған кезде,
Шыдадым құлақ аспай жалған сөзге.
Адалдықтың не екенін білмегендер,
О дүниеде не айтар екен барған кезде.

Пысықайлар сөз етті ептілікті,
Біледі ме өздері тектілікті.
Әкемнен дарыпты көп қасиеттер,
Бойыма сіңірмедім жат қылықты.

Өмірде алдаушы мен арбаушы көп,
Жылтыраған дүниені таңдаушы көп.
Жылт еткеннің бәрі де алтын болмай,
Бет перделер шешіліп қалмаушы ма еді.

Ақылдыңды толықтыр азба деген,
Жел сөздерге жабырқап тозба деген.
Әкемнің өсиетін ұмытпаған,
Ақынмын ақылға сай жазған өлең.

Анама

Мен анама көмектесіп күнбе-күн,
Ойнауды да, шаршауды да білмедім.
Түніменен дайындалып сабаққа,
Кей кездері көзімді де ілмедім.

Жанарыңа мөлдіреген қараймын,
Мен өзіңді бақытым деп санаймын.
Абзал анам – өзің ғана тірегім,
Сондықтанда бар асылға балаймын.

Көңіліңде болғанменен талай мұң,
Ұзақ өмір сүруіңді қалаймын.
Қызығымды көрсетермін өскен соң,
Анашым-ау, арманы көп балаңның.

Жырлайды жүрек

Өмірдің бұлай өтерін зулап,
Білмейтін, неге білмедім?
Арманға толы, қиялға толы,
Өтуде жақсы күндерім.

Әнге де қостым, жырға да қостым,
Балдәурен шақты шығарды.
Зулайды өмір, жырлайды жүрек,
Өзге ақындар сияқты.

Жырын да төкті, гүлін де екті,
Жаныма менің себелеп.
Өкілбей өтем тағдырыма мен,
Осыдан артық не керек?..

Асау жүректің соғып тұрғанда,
Қадіріне жетер кім?
Ақ көңілің мен пәк сезіміңді,
Аялап жаным өтермін.



Туған жерін, тұтас табиғатты ән-жырына
арқау еткен ақын, сазгер, ұлағатты ұстаз
Айкүміс Орынбаеваның шығармашылығында
шынайылыққа басымдық берілген. Мәлік
Аяпов ағамызша айтсақ, ақын да табиғат
тәрізді, үнемі өзгеріс үстінде жүреді. Оны
айналасы сырласа келе аңғарса, оқырманы
ойлы өлеңінен түйсінеді. «Өлең жазам жүрегім
қуанғанда, өлең жазам көңілді кір басқанда»
дейді Айкүміс Орынбаева. Осы екі-ақ қатар
өлеңінен оның қай кезде де қолынан қаламы
түспейтінін түсіндік. Қуанса да қаламды серік
етеді, қиналса, бар мұңын ақ қағазға ақтарды.
Шығармашылыққа деген адалдығынан болар,
оның қай өлеңі де өміршеңдігімен мәнді.
Мереке қарсаңында аудан руханиятына дем
берген Айкүміс Орынбаеваның шығармалары
көзіарақты оқырманға жол тартты.

Мейірім

Қиын заман дейді бәрі, бірақта...
Адамзатты жаратқан гой сынаққа.
Мейірімге мұқтаж екен пенделер,
Айтарым сол, мүсәпірді жылатпа.

Бәрі де бар айналама қарасам,
Аспанға да ұша аласың қаласам,
Бір-ақ нәрсе жетіспейді екен-ау,
Тең келмейді биігің мен аласам.

Адамдар көп жасап алған жағдайын,
Бір-бірінің сұрамайды хал-жайын.
Балалық кез еске түсіп кеткенде,
Бүгінгіге қалайша таң қалмайын.

Біздер екен мейірімге бөленген,
Айта кетсем артық болмас өлеңмен.
Көрші үйдің құдығынан су іштік,
Сол уақытты әлі ұмытпай келем мен.

Шелегіме су толтырып беретін,
Құлап қалсам жаным тез келетін.
Айналасы мұз боп жатқан құдықтың,
Мұзын ойып, топырақ та себетін.

Қанша бала су алса да ұрыспай,
Қамқорлығын жасаушы еді туыстай
Сол әкейдей мейірімді қарт аз шығар,
Жүргендер көп отбасына сыйыспай.

Қызметің сонша биік болса да,
Жан-жағыңа қарайлаудан шаршама.
Адамдарға жылу сыйлап жүрейік,
Мейірімге зәру жандар қаншама?!



